Серуен	**Серуен №6** **Ұшып кететін құстарды бақылау** *Мақсаты.: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту*; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. *Бақылау барысы* *Көркем сөз* Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде	Серуен №2 Күздің алғашқы белгілерін бақылау ***Мақсаты:*** Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. ***Бақылау барысы*** Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының	**Серуен №4** Өрмекшіні бақылау ***Мақсаты:***— өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. ***Бақылау барысы:*** ***Көркем сөз*** *Сенде айтшы өрмекші,* *Неше аяқ, неше қол?* *Жауап берші өрмекші* *Неше аяқ, неше қол?* *Табандарым жолға тисе,*	Серуен №8 Арнайы көліктерді бақылау ***Мақсаты:*** Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; Сөздік қорларын молайту. ***Бақылау барысы:*** ***Көркемсөз*** . Үлкен болдым десем де, Ешкім маған сенбейді. «Жалғыз жүрме көшеде, Кішкентайсың сен»-дейді. Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Сұрақтар. Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?*(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)* Бұл машиналар не үшін керек? *(адамдарға көмектесу үшін.)* Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? *(зардап шеккендерге*	Серуен №1 Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау *Мақсаты:* Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ; әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. *Бақылау барысы* Жұмбақ жасыру Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) Қазір жылдың қай мезгілі (күз жайлы әңгімелеу) Қыркүйек айының

	Балалармен әңгімелесу, сұрақтар: Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады) Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді) Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер құрайды, дәндер мен тұқымдар азаяды) Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі	алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Күзде ауа-райы қалай өзгереді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? Адамдар күзде не істейді? Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.	*Зымырайды аяқтай. Табандарым өрмек тоқиды Қолдармен өрнек салғандай, Шіркейлерді ұстағанда, Аяқтарым пышақтай. Егер шыбын кездессе, Қағып алам ұзатпай! Тәрбиеші сұрақтары:* Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді) Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? *(оларға өрмек құрады.)* Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? *(желмен, жаңбырмен тез*	*көмектесу үшін.)* Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? *(иә)* ♦ Неге? *(Олар адамдарға көмекке асығады.)* ♦ Оларды атаңдар. *(«Жедел жәрдем», өртсөндіружәне милиция.)* Еңбек. Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау *Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.* Қ/О: «Аюлар мен аралар», «Допты бер». *Мақсаты:* — гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу; — допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру Жаттығу ойындары: Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. *Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге*	алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Адамдар күзде не істейді? Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі

	қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді) Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады) Еңбек: Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау *Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*	*Мақсаты:* — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». *Мақсаты: Т*ез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты:Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы	*бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)* Өрмекшілер жыртқыштар ма?*(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)* ***Еңбек:*** *Аула гүлдерін қарау. Сарғайған жапырақтан тазарту.* *Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу* ***Қ/О****: «Үнсіз өт»* *Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру* ***Жаттығу ойындары*** *Қимылдарын дамыту* *Мақсаты: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-*	*жаттықтыру.* Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ»	жапырағын тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. *Мақсаты:* — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Бәйге». *Мақсаты:* Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру. Халық болжамы: Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.

	Қ/О: «Аққу-қаздар». *Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту* Жаттығу ойындары Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру *Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту*		*теңдікті сақтау.* Халық болжамы: Өрмекші бұрышқа тығылса жел болады.		
Серуенн ен оралу	Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Тез киіну және шешіну қабілетін жетілдіру, шкафқа заттарды ұқыпты іліп қою,жолдастарына түймені басуға көмектесу, жағасын түзету және т. б.(сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Киімді мұқият бүктеу, көйлек немесе көйлектің жеңдерін бұру, киімді түзету, аяқ киімді мұқият қою дағдыларын бекіту . (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Киімді шешкен соң оны мұқият бүктей білуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Өз заттарың дұрыс орналастыруын бекіту қабілеті, бәтеңкеге бау байлау, сандалдарды бекіту дағдыларын жетілдіру (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ертегі «Құстар неге сөйлей алмайды?»** Ерте заманда адамдар мен құстардың достығы мықты болыпты. Адамдар құстардың тілін түсіне алатын болған екен. Бір күні биік тауда өмір сүретін бүркіт аулайтын аң аңдып отырады, бірақ ештеңе кездеспейді. Осылай отырғанда көзіне күн шағылысып, ұйықтап кетіпті. Бір кезде құс қанатының дауысынан оянып кетеді. Қараса, қаршыға жемтігін ұстаған екен. Оны көрген бүркіт қаршығаға қоқилана жетеді. Өзі жүгірген аң көре алмаған соң, өліп қалған аңды жемтік қылған қаршығаны тілімен түйрейді. Осылайша екеуі сөзге келіп қалады. Олардың	Математика негіздері «Біреу –көп » Мақсат-міндеттері: Балаларға біреу-көп мағанасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілетін дамыту. Сурет салу Балаларға сурет салдырту. Жапырақтың суретін салуды үйрету. (Таным саласы математика негіздері. Шығармашылық саласы Сурет салу.)	**Мүсіндеу** **Өрмекшіні бейнеле** Мақсаты: Өрмекшінің бейнесін жасауды үйрету. Бірнеше ачғы болатынын түсіндіру, көп ұғымын қалыптастыру. (Таным саласы математика негіздері. Шығармашылық саласы Мүсіндеу.)	Үстел –үсті ойын: Түсіне қарай орналастыр Мақсаты: Асықтарды түстеріне қарай орналастыруды үйрету. Түстерді атай білуге үйрету. (Таным саласы.Математика негіздері.)	Жапсыру Күзгі бақ Мақсаты: Қайшыны дұрыс пайдалануды үйрету. Жапырақтарды ағашқа дұрыс орналастыруды үйрету. Күз туралы әуен тыңдау (Шығармашылық саласы. Музыка тыңдау, Жапсыру.)

	дауын естіген барлық құс жиналады. Құстар екеуінің дауын шешіп бермек ниетпен, арамыздан хан сайлау қажет деп түйеді. Құстар шықылдап, шулап кетеді. Барлығының хан болғысы келеді. Сол кезде Бүркіт алға шығып: — Ешкім сендерге менен артық хан бола алмайды. Биікте менен жоғары самғап ұшатын құс жоқ,– дейді. Бірақ оған құстар келіспей: «Жоқ, керек емес! Сен өте тәкәппарсың. Сол себептен де биік құзда өмір сүресің» деп қарсы болады.				

	Жарқанат шығып: — Мен хан болғым келеді. Менің қанатым сендердікіндей жүннен емес, теріден. Алыстағыны естіп отырамын,– десе, оған көкек келіспей қояды: — Жарқанаттың хан болуы мүмкін емес. Құстарға құспын дейді, аңдарға аңмын дейді. Оның үстіне түні бойы ұйықтамай ұшып жүреді де, бізге ұйқы бермейді. Сендер үшін менен жақсы хан болмайды. Менің салған әніммен бүкіл жер беті және жасыл желек құлпырады. Құстар Көкектің де сөзіне келіспей, былай дейді: «Көкек бізге хан болмайды. Ол				

	өзінің балапандарына қарамай, тастап кетеді». Осы кезде құстар арасында үлкен айтыс-тартыс туды. Әрбір құс өзін хан қылып сайлауды ұсынды. Құстар қатты шулап кетеді. Мұны естіп жоғарыда талдың басында сиқыршы қара қарға отырады. Ол: — Ақыры бір-біріңмен тіл табыса алмайды екенсіңдер, онда сөйлемей-ақ қойыңдар,– дейді. Осылай құстардың ауызбіршілігі болмағандықтан барлығы бірдей сөйлей алмай қалыпты. (Сөйлеуді дамыту ,Коммуникация)				

Балалардың үйге кету	Ата-аналармен өткен күн, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы ата-аналармен әңгіме.	Жол жүру ережесін сақтау.

Бекітемін
КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай балалар
бақшасының меңгерушісі: С.Сарсенгалиева

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы - «Алтын кілт» бөбекжай балалар бақшасы
Топ –Ересек топ «Алтын сақа»
Балалар жасы - 4 жастағы
Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету)–18.09.23 ж дан 22.09. 23 ж дейін

Күннің болжамды режимі	Дүйсенбі 18.09.23	Сейсенбі 19.09.23.	Сәрсенбі 20.09.23.	Бейсенбі 21.09.23.	Жұма 22. 09.23.
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **(сөйлеуді дамыту)**	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. **(Сөйлеуді дамыту)**	Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру.**(Сөйлеуді дамыту)**	Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау.**(Сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыруға кеңес беру.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдысының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалар Дың өздік іс-әрекеті	Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Мақсаты:Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе,ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен	Дидактикалық ойын: «Мамандықтар» Мақсаты: Мамандық иелерімен таны сады, әр мамандықтың қажеттілігін түсінеді. Адам еңбегін	Дидактикалық ойын: «Бұны қай кезде киеді?» *Мақсаты:* әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік	Дидактикалық ойын: «Көңіл күйді көрсету»Ситуациялық көрініс (сахналау)- Сыйлаған гүл шоғын қабылдау кезіндегі	Дидактикалық ойын:«Үлкен заттарды тап» Мақсаты: көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне

	ойлана отырып шеше алады Тапқырлыққа үйренеді ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы:ыдыстар,ойыншық тар,жануарлар.(Әлеуметтік-эмоционалды дағды)	бағалауға үйренедіОйын шарты: суреттегі мамандықтарты атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табады. (Әлеуметтік-эмоционалды дағды)	қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.(Коммуникативтік дағды)	қуаныш.- Жақын адамыңмен кездесу кезіндегі шаттық - Достарыңмен қоштасу кезіндегі мұң- Өз досыңның жетістігіне мақтаныш- Өзіңнің жіберіп алған қателігіңе реніш.«Менің көңіл – күйім қандай?» мұнда ортаға бір бала шығып, өз көңіл-күйін мимикамен, түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді. Қалғандары оны тауып айтады. (Коммуникативтік дағды)	қарай ажыратуға үйрету. Шарты: суреттердің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, түстерін ажырату. (Танымдық және зияткерлік дағды)
Таңғы жаттығу	***№2.Қыркүйек айының III-IV аптасында.*** **I.**Жүру.Аяқтың ұшымен, өкшемен қолды жоғары көтеріп жүру, жәй жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру. **II**.**1**.Б.қ : Аяқ бірге қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-қолды айқастыру,3-ажырату, 4-б.қ. оралу, 5-6рет қайталау. **2**.Б.қ: Аяқтың арасы алшақ, қол төменде: 1-қолды көтеру, 2-оңға қарай тербелу,3-солға қарай тербелу, 4-б.қ. оралу,5 рет қайталау. **3**.Б.қ.: Аяқ арасы алшақ, қол төменде : 1- қолды алға созу, 2- отыру, 3-тұру, 4-б.қ. оралу, 4-5 рет қайталау. **4**.Б.қ: Аяқ арасы алшақ, қол төменде: 1-тізені бүгу, 2-қолды алға созу, 3-б.қ. оралу, 4-5 рет қайталау. **5.** Аяқ алмастырып, қол бүгулі кеудеде. Секіру 7-8 секунд. **III.** Еркін тыныс алу жаттығулары.				

Таңғы ас	"Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу,тамақ ішкен кезде сөйлемеу керек екенін түсіндіру. Кезекші жұмысы: Айзере ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. (мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру.Кезекші жұмысы: Асылым ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. (мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Кезекші жұмысы: Айсезім ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. (мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Үстелде тіке отыру дағдыларын қалыптастыру. Кезекші жұмысы: А.Заңғар ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. (мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.Кезекші жұмысы:Мерейлім ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. (мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әдемі қызыл гүлімнің Жапырағы ашылды. *(алақандарымен ашылған гүл жасайды)* Жел кеп оны тербетіп, *(қолдарын тербете* Жапырағын жабады. *(жапырақтарын жабады)* Ұйқыға кетер майжырап, Жапырағын шайқалтып.(гүлд басын шайқайды).	**1. Салат** Сәбізді алып тазалаймыз *(оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды* Үккішпен үгіп майдалаймыз *қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары төмен қозғайды)* Қантты сеуіп дәмдейміз *(саусақтардың ұшымен қант себеді)* Қаймаққұйып сәндейміз *(қолды жұдырыққа түйген күйі қаймақ құйған сияқты) қол білегін жоғары-төмен қозғайды)* Міне, дайын нәр тағам- *(екі*	**1. Бақшада** Күректерді алайық,*(екі қолмен күрек алғандай қимылдайды)* Жерді қазып, дайындап,*(қолменен жер қазады)* Тыңайтқышты шашайық. *(саусақ ұштарымен себеді)* Тырнауышты алайық,*(саусақтарын жартылай бүгіп, араларын ашады)* Бақшаға жер дайындап,*(үстел үстін тырмалайды)*	**1. Компот** Жемістерді жинаймыз,*(қолдарымен жемістерді жинайды)* Алманы ірі тураймыз, *(қолдарының қырымен турайды)* Алмұртты алып ұсақтап, Алхораны жуамыз.*(жуғандай әрекет етеді)* Лимонды алып сығамыз,*(жұдырық түйіп, сығады)* Қантын мол қып қосармыз.*(саусақ ұштарымен қант себеді)*	**1. Жаңбыр** Таң атқаннан тоқтамастан Жаңбыр жауды себелеп (*барлық саусақтарымен жайлап «жаңбыр жауғызады»)* Сондықтан да жасыл желек *(саусақтарын түрлі бағытта қозғайды)* Суға қанды, не керек? *(саусақтарын жазып, алақандарын жаяды)*

		қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған *(алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді.*	Дәнді сеуіп тастайық. *(саусақ ұштарымен себеді)* Шелекпен су құяйық,*(жұдырықтарын түйіп, су құйғандай білезіктерін қимылдатады)* Арамшөбін жұлайық,*(саусақтарын жинап, шөп жұлады)* Күн астында бақшамыз,*(алақандарын жаяды)* Жылдамдатып өссін деп, Қарап, қарап қояйық.*(қолдарын қабақтарына апарып, айналаны қарайды)*	Суын құйып қайнатып, Қонақтарға тосамыз.*(алақандарын жайып, ұсынады)*	
Ұйымдастырылған іс әрекеттер	**МузыкаӘнайту**.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әнді созып,қимылдармен үйлестіре айтуды қалыптастыру(ре-си октава шегінде)**Музыкалықырғақты қимылдар.**Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды	**Қазақ тіліСөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты ,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын бекіту.Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын ,жылдам сөйлеуді меңгерту;**Тілдіңграмматикалыққұрылымы**:	**Дене шынықтыру Ырғақты қимылдар**:Таныс бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.	**Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.** Қолды алға, екі жаққа ,жоғары көтеру(бір уақытта,кезекпен),қолды алға созып,саусақтарды жұмып және ашу.	**Музыка Музыкалық ырғақты қимылдар. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Таныс әндерді орындауда

	орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру. **Дене шынықтыру Негізгіқимылдар**:**Сапқа тұру, сап түзеу,сапқа қайта тұру:**Бір-бірденсапқа тұру,екеуден,үшеуден,бірінің артына бірі бір қатарға тұру.	Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға,көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.			балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
	Қ/ойын: ***2.Түрлі-түсті көліктер*** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін,байқағыштықтарын дамыту. **Шарты:**Балалар бөлменің қабырғасының жанында тұрады. Олар -гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді.Тәрбиеші бөлменің	Дид/ойын:«Көгіністерді сана» Мақсаты: балалардың көгініс туралы ойларын дамыту. Реттік санауға үйрету. **Мүсіндеуден ойын жаттығуы:** Балаларға сәбізді мүсіндету.	Қ/ойын: ***15.Лақтыр да, қағып ал.*** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып	Қ/ойын:***16.Кеглиді көзде*** **Мақсаты:** Балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. **Шарты:** Балалар екі қатарға бөлініп тұрады,тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады.Допты оң қолымен , сол қолымен де домалатуға болады.	Қ/ойын: ***17.Допты тордан лақтыр*** **Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдыққа үйрету. **Шарты:** Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады.Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады.Допты

	ортасында тұрып, ойнаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады.		қағып ала алады,соны санайды.		жерге түсірмей қағып алып отыру керек.Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады.Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі.
2-нші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" **(** мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету**)**	Балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау. (мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Үстелде тіке отыру дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	«Дастархан басында сақталатын ырым-тиымдар» -Нандыбір қолымен үзуге болмайды. -Тамақты жатып ішуге болмайды. -Ас үстінен аттама Астан үлкен емессің. (мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)	Балалардың назарын тағамға аудару, дұрыс тамақтануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету**)**
Серуендеуге дайындық	Киіну-шешіну. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. (сөйлеуді дамыту)	Киіну-шешіну. Көше аяқ киімін алуға үйрету. Ауызша үйрету, көмек сұрауды білдіру, шешіну бөлмесінде өзін сабырлы ұстауға үйрету.	Киіну-шешіну Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту)	Киіну-шешіну Шұлықты, жемпірді немесе киімді киюге шақыру. (сөйлеуді дамыту)	«Киіну-шешіну». Аяқ киім киюді, ересек адамның көмегімен пальто, күртеше тағуды және шкафта киім

		(сөйлеуді дамыту)			іліп қоюды үйрету. Шешінетін бөлмеде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. (сөйлеуді дамыту)
Серуен	**№2 Бақылау:**Бұлтты бақылау **Мақсаты:** Ауа-райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:**Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалаптастыру. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:**Халық ауыз	**№3Бақылау:**Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау. **Мақсаты:**Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:күзде көбелектердің,қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды:азық,су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. **Еңбек**:Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу,берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.	№4**Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты**: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр,тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кеңейту.Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілеу (суық,жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды жел соқты) соған сәйкес киіну. **Еңбек:** «Әдемі гүлдер» **Мақсаты**: Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалаптастыру. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Сөйлеу	**№6 Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілеу(суық,жылы,күн шуақты, қар,жаңбыр жауды, жел соқты) соған сәйкес киіну. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:**Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаларғажауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік»** **Мақсаты:**Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен	**№7 Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:**Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып,жапырақтар түсті,күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм,қар,су,мұз,тас,саздың қасиеттерін анықтау. **Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:**Шамасы

	әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешуге баулу **Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан»** «Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді, мысық келгенде түсіреді: «Мысық тісін ақситады, Көздерін шақшитады. Дүрдитіп, күржитіп белін, Айбат қылады ернін» – «мысық» «тышқанды» қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Ол шеңбер арқылы шеңбердің сыртында жүгіреді. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады. **Дербес ойындар:** 1.Әткеншектебу.2. Тартылғышқа тартылу.	**Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. **Мақсаты:**Шағын өлеңдер,санамақтар, жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес отүрлі инновацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар»** Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».	қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылды ойын**:**"Өз түсіңді тап!"** Балаларға екі түсті жалаушалар беріледі.Нұсқаушының белгісі бойынша олар белгілі бір түстегі жалаушамен педагогке қарай жүгіреді.Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру)	жаңылтпаштар айтқызу. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:Үреді абалап **Қимылды ойын: "Тауық пен оның балапандары"** Шарты: алаңға көлденең 40-45 см жіп тартылады. Балалар жіптің астынан еңбектеп өтіп, алаңның екінші шетіндегі "дәндерді" тереді (аяқтың ұшымен отырады). Педагог белгісі арқылы балалар қайтадан денесін тигізбей, жіптің астынан өтіп, алаңның екінші жағына шығады.**Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау**.**	келетін жұмыстыы орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау:жапырақтарды жинау. **Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:ақырын,жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Қимылды ойын: "Мен спортсменмін!"** Стадионға қарай жүгіріңдер!" белгісіне қарай балалар бөлме

		«Лақтар» залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен балаларды ұстап алуға тырысады. Кейін ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды. «Лақтар» залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады.			ішінде еркін жүгіреді, "Тоқта!" белгісі бойынша тоқтайды. Одан кейін қандайда бір спорт түрімен айналысатын спортсменнің тұрысын көрсетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп.2.Әткеншек тебу.3.Қуаласпақ
Серуеннен қайту	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, өз- өзіне қызмет көрсету)	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. (сөйлеуді дамыту, өз-өзіне қызмет көрсету)	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өз- өзіне қызмет көрсет)	Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. (сөйлеуді дамыту, өз-өзіне қызмет көрсету)	Сыртқы келбетіңізді қадағалау әдетін қалыптастырыңыз, жолдастарыңызға сыртқы келбетіндегі кемшіліктер туралы еске түсіріп және оларға көмектесуге тырысыңыз. «тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу

					(сөйлеудідамыту, өз-өзіне қызмет көрсету)
Түскі ас	Балаларға оң қолында қасық ұстауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Тамақ ішіер кезде енді сөйлемейміз, күлмейміз,Астан басқа өзгені елемейміз, білмейміз.(сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Балаларға бірінші тағамның сорпасын, негізгі тағаммен және гарнирмен бірге жеуге үйрету. Дәлдік дағдыларын қалыптастыруды жалғастырыңыз. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Балаларға тамақ үстінде сөйлеуге болмайтынын түйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)
Күндізгі ұйқы	Бесік жырын тыңдау (музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (көркем әдебиет)	Тыныш әуенді тыңдау (музыка)	« Шалқан» ертегісін оқу (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.(музыка)
Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру рәсімдері	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2- 4 рет) Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет) 2. Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет) 3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз				

	еденге тигіземіз (3- 4 рет) Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу (4-5 рет)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (көркемәдебиет, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. (көркем әдебиет, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Балаларға тамақ үстінде сөйлеуге болмайтынын түйрету. (көркем әдебиет, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. (көркем әдебиет, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Үстелде тіке отыру дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид/ойын:«Не артық» Мақсаты: ағаштар туралы білімдері қалыптасып, табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді. Шарты: ағаштарды гүлдерден ажырату артығын табады **Сурет салудан ойын-жаттығу** 1-топ балалар гүлдің суретін салу. 2-топ балалар гүл күлтешелерін ретімен жабыстыру. Мақсаты:зейінді шоғырландыруды дамыту, қолдың ұсақ маторикаларын дамыту.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** Балаларға өз қалаған кқгініс суретін салу (сәбіз, картоп т.б)	**« Жақсылық-жамандық»** Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету. Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу. Ойын әрекеттері: балалар педагогтің алдына тұрады. Педагог кезекпен қандай да бір әрекетті, қылықты білдіретін кез-келген сөзді балаларға айтады. Егер сөз қайырымдылықты, игі істерді білдірсе, онда балалар қол шапалақтайды. Егер бұл сөз жамандық, зұлымдық туралы болса, балалар аяқтарын топылдатады.	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Тәрбиеші қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар тәрбиешіге қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Тәрбиешігебірінші жеткен бала жеңімпаз болады.	**«Сыбызғы»** Мақсаты:Заттық сурет салу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. (Сурет салу)

Балаларменжеке жұмыс	Азизге бірінің артына бірі бір қатарға тұруды үйрету.	Азизханға реттік санауға үйрету.	Ерланға қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.	Раянаға Қолды алға, екі жаққа ,жоғары көтеру(бір уақытта,кезекпен),қолды алға созып,саусақтарды жұмып және ашуды үйрету.	Адинаға таныс әндерді орындауға үйрету.
Серуенгедайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер(сөйлеуді дамыту)	шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.(сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әр түрлі бекітпелерді қолдану қабілетін бекіту. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты үйрету, аяқ киім қою, өздігінен аяқ киім кию. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	балаларды өз бетінше киінуге, аяқ киім киюге, бір-біріне мейірімді болуға, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға шақыруды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)
Серуен	№2 серуен картотекасы Қ/ойын: ***1.Ұшқыштар*** **Мақсаты:** балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту. **Шарты:**Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің	№3 серуен картотекасы Қ/ойын: **3.Торғайлар менмысық** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру	№4 серуен картотекасы Қ/ойын: ***4.Аюдың апанында*** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,	№6серуен картотекасы Қ/ойын: ***9.Қояндар мен қасқыр*** **Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу.Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын	№7 серуен картотекасы Қ/ойын: ***11. Сұр қоян жуынады.*** **Мақсаты:** Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту,ептілікке

	соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл-әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, мотордыайландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейінқолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.	дағдыларын дамыту. **Шарты:**Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді.Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.	зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:**Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орманда қыдырады /еңкейеді, түзеледі,басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек береміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы	шынықтыру. **Шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші: - Секеңдеңдер қояндар, Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде, қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.	тәрбиелеу. **Шарты**: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады. Балалар: Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңдытарашы Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі. Ойын 4-5 рет қайталанады.

			тиген балалар аюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөлінебасқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.		
Серуеннен оралу	Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Тез киіну және шешіну қабілетін жетілдіру, шкафқа заттарды ұқыпты іліп қою,жолдастарына түймені басуға көмектесу, жағасын түзету және т. б.(сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Киімді мұқият бүктеу, көйлек немесе көйлектің жеңдерін бұру, киімді түзету, аяқ киімді мұқият қою дағдыларын бекіту . (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Киімді шешкен соң оны мұқият бүктей білуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)	Өз заттарың дұрыс орналастыруын бекіту қабілеті, бәтеңкеге бау байлау, сандалдарды бекіту дағдыларын жетілдіру (сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Дид/ойын: «Дәлосындайпішіндітап» Ойынныңмақсаты: геометриялықпішіндержайлыбілімдерінбекіту, пішіндердіатауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынныңмазмұны: алдарындағысиқырлықұлыптыашудыұсыну.	Дид/ойын: . «Қолғаптарға лайықжамауларды табу» Мақсаты: геометриялықпішіндердажыратуға, салыстыруғажаттықтыру; логикалықойлауқабілеттерін дамыту. Мазмұны: Балаларға қолғаптыңүлгісінтаратып	Дид/ойын: 19.«Көзіңдіжұмып, қолыңменанықта» Ойынныңмақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кішіұғымдарынбекіту. Ойынныңқұрал-жабдықтары: қарындаштар,	Дид/ойын: «Ұзын-қысқа» Ойынныңмақсаты: өлшемдердіңқасиеттерінқабылдауғаүйрету; тапсырманыорындауға жаттықтыру. Ойынныңмазмұны: Балаларғаұзынжәнеқысқа жолақшанықөрсету.	Дид/ойын: «Жоғарыда-төменде» Ойынныңмақсаты: жоғары–төменұғымдарынпысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. Ойынныңмазмұны:

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құлыптыңкілттері де сиқырлы, геометриялықпішіндерден құралғанекенінайту. Әр бала құлыпқа сай келетінкілттіалып, құлыптыашады.	беру. Алдарындағыпішіндердіңішіненәрқолғапқа лайықжамаудытабудыұсыну.	таяқшалар. Ойынныңмазмұны: Балаларсипап – сезуарқылызаттыңұзын - қысқалығынанықтау. Ұзындығыәртүрліқарындаштаралынады. Жүргізушібірбаланышақырып, оған «көзіңдіжұм да, қарындаштыңұзын-қысқалығынанықта» дегентапсырмабереді.	Өлшемінанықтау. Жолақшалардытаратып беру. Үстелдіңүстіндегіжолақшалардыңішіненұқсасжолақшанытабуғатапсырма беру.	Бала қораптыңішіненбір суреттіалып, атынатап, орнынанықтапүлкенсуреткебекітеді. Мысалы, ұшақжоғарыдааспанда ұшады, балықтөменде су ішінде жүзеді.
Балалардың үйге кету	Ата-аналармен өткен күн, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы ата-аналармен әңгіме.	Жол жүру ережесін сақтау.

Бекітемін
КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай балалар
бақшасының меңгерушісі: С.Сарсенгалиева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым- - «Алтын кілт» бөбекжай балалар бақшасы
Топ – Ересек «Алтын сақа»
Балалар жасы - 4 жастағы
Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету)–25.09. 23 ж - дан 29.09. 23 ж дейін

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.09.23	Сейсенбі 26.09.23.	Сәрсенбі 27.09.23.	Бейсенбі 28.09.23.	Жұма 29.09.23.
Балалар ды қабылдау	Арнайы әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. **(Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау.**(сөйлеуді дамыту, музыка,коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Тәрбиешінің толық сәлемдесуді қалыптастыру. **(Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(Сөйлеудідамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдері мен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, күз мезгіліне байланысты жеңіл ыңғайлы киім кигізу керектігі туралы әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыруға кеңес беру.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдысының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалар дың дербес әрекеті (аз	**Дидактикалық ойын** : «Дала құстары» Мақсат –	**Баяу қимылды ойын:Қарлығаш** Залға ойыншылардың	**Үстел –үсті ойынДид.ойын: «Көзі ңді жұмып, қолыңмен анықта»**	**Аз қимылды ойын: Ұшты, ұшты** Жүргізуші белгілі бір құстың атауын	**Кітаптарды қарау Жол ережесін білеміз бе?** Мақсат- міндеттері:Әртүрлі көлік құралдары мен оларды

қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	міндеттеріБақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән өзгерістерді; күзде-кейбір құстардың болмауы, қыста құстардың қоректендірудің қажеттегі, көктемде-құстардың көбеюі, жазда- құстардың көбеюін салыстыру. Көрнекі құралдар: Дала құстарының суреттері. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту Әлеуметтік-эмоционалды дағды Қоршаған орта)**	санына қарай шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді **(дене шынықтыру**, физикалық дағды)**	Мақсат- міндеттері: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. **(математика негіздері танымдық және зияткерлік дағды.)**	атайды, «ұшты, ұшты» деп қайталайды және қолын бұлғайды. Ойыншылар қимылдарды қайталайды. Бір рет, екі, үш... бір кезде жүргізуші «Ыдыстар !» деп қалады. Оның қармағына ілініп, қолын сермеп қалған бала ойыннан шығады немесе ойыншылардың тілегін орындайды. **(дене шынықтыру**, физикалық дағды)**	басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру **(Әлеуметтік-эмоционалды дағды Қоршаған орта)**

Ертеңгілік жаттығу	***№2.Қыркүйек айының III-IV аптасында.*** **I.**Жүру.Аяқтың ұшымен, өкшемен қолды жоғары көтеріп жүру, жәй жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру. **II.1**.Б.қ : Аяқ бірге қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-қолды айқастыру,3-ажырату, 4-б.қ. оралу, 5-6рет қайталау. **2**.Б.қ: Аяқтың арасы алшақ, қол төменде: 1-қолды көтеру, 2-оңға қарай тербелу,3-солға қарай тербелу, 4-б.қ. оралу,5 рет қайталау. **3**.Б.қ.: Аяқ арасы алшақ, қол төменде : 1- қолды алға созу, 2- отыру, 3-тұру, 4-б.қ. оралу, 4-5 рет қайталау. **4**.Б.қ: Аяқ арасы алшақ, қол төменде: 1-тізені бүгу, 2-қолды алға созу, 3-б.қ. оралу, 4-5 рет қайталау. **5.** Аяқ алмастырып, қол бүгулі кеудеде. Секіру 7-8 секунд. **III.** Еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	"Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу,тамақ ішкен кезде сөйлемеу керек екенін түсіндіру. Кезекші жұмысы: Айзереге ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **(мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Тамақтанар алдында қолды өз бетінше сабынмен жууды үйрету.Кезекші жұмысы: Аружан ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **(мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Тамақтану әдебін сақтау. Кезекші жұмысы: Раянағаас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **(мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Тамақты асықпай шәйнау, асхана құралдарын қасықты, майлықты дұрыс қолдануға үйрету.Кезекші жұмысы: Ақеркеге ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **(мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру, ауызды шәйуді үйрету.Кезекші жұмысы: Әминаға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **(мәдени гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Шаттық шеңбер: Шөжелерім** Шөп-шөп, шөп-шөп,	**Шаттық шеңбер**: Күз келді Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай.	Шаттық шеңбер Құлын Құр-у, құр-у, құлыным,	**Шаттық шеңбер:** Балабақша Қызыл, жасыл, ақ, сары	**Шаттық шеңбер:** **Тәртіп сақтап жүремін** Үйренуден тынбаймын,

	шөжелерім, Сары алтындай балапаным. Тез жетіңдер жем беремін, Дәнге толы алақаным. А.Торғаев **(көркем әдебиет, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтып**.** **(көркем әдебиет, қазақ тілі***, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Құрығыма түсе ғой. Тазасын жеп сұлының, Мөлдір судан іше ғой. Ұ.Есдәулетов **(көркем әдебиет, қазақ тілі***, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Үлкен биік әдемі Ойыншық тола ішінде Бала бақша әлемі. **(көркем әдебиет, коммуникативтік дағдыларды дамыту)**	Білімімді шыңдаймын. Кішілерге қамқормын, Үлкендерді тыңдаймын **(көркем әдебиет, коммуникативтік дағдыларды дамыту**)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** **Музыкалық – ырғақты қимылдар.** Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру **Дене шынықтыру. .Секіру.** Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру. **Лақтыру, домалату, қағып алу.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажә	**Қазақ тілі** **Сөйлеулің дыбыстық мәдениеті** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Вариативтік:** **Қызанақ пен алма** **(Қазақ тілі**	**Дене шынықтыру** **Секіру.**2–3 метр қашықтыққа алғаұмтылыпқосаяқпенсекіру. **Лақтыру, домалату, қағып алу.** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), **(Дене шынықтыру Физикалық қасиеттерді дамыту)**	**Дене шынықтыру** **Жүру.**Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға). **Лақтыру, домалату, қағып алу.** қағып алу;допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру, **(Дене шынықтыру Физикалық қасиеттерді дамыту,**	**Музыка** **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. **(Музыка Шығармашылық дағды)**

	нешеңбергетұру **Дене шынықтыру (Дене шынықтыру Физикалық қасиеттерді дамыту,** **Музыка Шығармашылық дағды)**	**Комуникативтік дағдыларды дамыту. Сурет салу Шығармашылық дағды)**			
	Дид ойын: Жоғарыда - төменде Мақсат- міндеттері: Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды.,Берілген бағытта қозғалады. Ойынның құрал-жабдықтары: құстардың, жануарлардың суреттері. Ойынның мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде	**Дид.ойын: «Жыл мезгілінде киетін киімді тап»** Мақсат-міндеттері: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Қазақ тіліне тән ө,қ,ү,ұ,і, ғ дыбыстарын жеке,сөз ішінде анық айтуға баулу. Көрнекі құралдар: Әртүрлі киімдердің суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі*** коммуникативтік дағды)**	Дидактикалық ойын: «Құйрығын тап» Мақсат-міндеттері:Қағаздан құрастыруға үйрету.Төрт түлік және оның төлдері туралы ұғымдарын кеңейту. Көрнекі құралдар: Құйрығы бөлек қиылған әртүрлі жануарлар **(құрастыру, шығармашылық дағды, қоршаған ортамен танысу,әлеуметтік-эмоционалды дағды)**	**Сюжеттік ойын: «Дүкенші»** **Мақсаты:** адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін сөздерді үйрету. қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады; **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***, коммуникативтік дағды)**	**Ырғақты ойын: Көлік жүргізуші** **Мақсат- міндеті:** Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу,әлеуметтік-эмоционалды дағды музыка****, шығармашылық дағды)**

	жүзеді. Құс Аспанда ұшады **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.Танымдық және зияткерлік дағды)**				
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" **(мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау. **(мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Үстелде тіке отыру дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	«Дастархан басында сақталатын ырым-тиымдар» -Нанды бір қолымен үзуге болмайды. -Тамақты жатып ішуге болмайды. -Ас үстінен аттама Астан үлкен емессің. **(мәдини гигеналық дағдылар, өз-өзіне қызмет көрсету)**	Балалардың назарын тағамға аудару, дұрыс тамақтануға үйрету. **(Сөйлеуді дамыту, мәдини гигиналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету)**
